ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Нұсқау: *Сізге берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырмалар беріледі.*

1. Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін нормативтік-құқықтық акт
   A) Ереже
   B) Жарлық
   C) Бұйрық
   D) Қаулы
2. Қазақстан Республикасы азаматтарының ерікті бірлестігімен байланысты азаматты қоғам институты
   A) Мәслихат
   B) Мәжіліс
   C) Үкімет
   D) Саяси партия
3. Адвокаттың заң көмегін беру кезіндегі міндеті
   A) Іс бойынша құқықтық шешім қабылдау
   B) Келісім шарт міндеттемелерін жою
   C) Сот шешімін өз еркімен шығару
   D) Өзіне белгілі болған ақпаратты құпия ұстау
4. Қылмыс жасаған айыпталушы оның кінәсі дәлелденіп, соттың үкімі заңды күшіне енгенге дейін кінәсіз болып саналуы
   A) тараптардың теңдігі
   B) қорғаншылық
   C) жариялық қағидаты
   D) кінәсіздік презумпциясы
5. Конституция бойынша барлық мемлекеттік органдардың әрекет ету формасы мен жүйесін бекіту функциясына жатады
   A) ұйымдастырушылық функциясына
   B) бақылау функциясына
   C) сыртқы функцияға
   D) құрылтайшылық функциясына
6. Әкімшілік–құқықтық нормалар жиынтығымен байланысты құқық саласы
   A) Әкімшілік құқық
   B) Қылмыстық құқық
   C) Еңбек құқығы
   D) Азаматтық құқық
7. Қоршаған ортаны адамның жағымсыз әрекеттерінен қорғауға бағытталған нормалар жиынтығы
   A) Әкімшілік құқық
   B) Еңбек құқығы
   C) Азаматтық құқық
   D) Экологиялық құқық

8. Қылмыстық жазаны ауырлататын мән-жайы
A) ауыр зардаптар келтіруі
B) айыбын мойындап келуі
C) кінәлі адамның жас балаларының болуы
D) жәбірленушіге тікелей көмек көрсету
9. Қоғамдық ұйымдардың, саяси партиялардың, кәсіподақтардың т.б. парламенттің шешім қабылдау үдерісіне ықпал ету тетігі аталады
A) фаворитизм
B) непотизм
C) нигилизм
D) лоббизм
10. Құқық дегеніміз:
A) Салт-дәстүрлердің жиынтығы
B) Жалпыға бірдей мінез-құлық ережесі
C) Заңмен бекітілетін тәртіп ережелері
D) Мораль туралы ғылым
11. Тауарды сатып алатын, қызметтерді пайдаланатын, белгілі бір жұмысқа нақты төлеммен тапсырыс беретін жекетұлға
A) тасымалдаушы
B) тұтынушы
C) сатушы
D) ұсынушы
12. Қазақстан Республикасындағы отбасы құқығының негізгі қайнар көзі
A) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекс
B) «Бала құқықтары туралы Конвенция»
C) «Тұрмыстағы әйелдердің азаматтығы туралы Конвенция»
D) «Шетелде алиментті өндіріп алу туралы Конвенция»
13. Қылмыстық құқық нормалары толық бекітілген құжат:
A) Еңбек кодексі
B) Қылмыстық кодекс
C) Азаматтық кодекс
D) Отбасы кодексі
14. Тергеу ісі бойынша сотқа дейінгі тергеу мерзімінің ұзақтығы аспауы тиіс
A) бір айдан
B) екі айдан
C) он бес күннен
D) алты айдан
15. Кәсіпкерлер арасындағы дауларды корпоративтік даулар бойынша азаматтық істерді шешетін сот
A) Аудандық (қалалық) сот
B) Әскери сот
C) Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот
D) Жергілікті сот

16. Ресми институттардың қатысуынсыз жеке тұлғалар немесе басқа да қоғамдық ұйымдар құрған бірлестіктер
    A) мемлекеттік емханалар
    B) жергілікті басқару органдары
    C) үкіметтік емес ұйымдар
    D) саяси партиялар
17. БҰҰ Бас Хатшысының орынбасары, Женевадағы бөлімнің директоры болған қазақстандық саясаткер
    A) Н.Назарбаев
    B) Б.Байбек
    C) Қ-Ж.Тоқаев
    D) М.Тәжин
18. 1945 жылы 16 қарашада құрылған халықаралық ұйым
    A) ЕҚЫҰ
    B) ШЫҰ
    C) АСЕАН
    D) ЮНЕСКО
19. Азаматтық қоғам институттарының ішінен артығын анықтаңыз
    A) үкіметтік емес ұйымдар
    B) ұлттық мәдени бірлестік
    C) кәсіптік одақтар
    D) ішкі істер органдары
20. Азаматтық қоғам құрылымының рухани-мәдени жүйесін құрайды
    A) отбасы және кәсіподақтар
    B) саяси партиялар және қозғалыстар
    C) білім беру және мәдениет мекемелері
    D) алмасу және мүліктік қатынастар

Нұсқау: *Сізге контекст негізіндегі ұсынылған төрт жауаптан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары беріледі. Контексті мұқият оқып, берілген тапсырмаларға дұрыс жауап беріңіз.*



21. Мәнмәтін бойынша өзінің немесе сенім білдірілген құқықтар мен мүдделерді қорғайтын процеске қатысушылардың бірі
    A) күдікті
    B) сот
    C) тергеуші
    D) анықтаушы
22. Мәнмәтін бойынша көпшіліктін мүддесін қорғайтын және қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын лауазымды тұлғаны анықтаңыз
    A) делдал
    B) жәбірленуші
    C) куәгер
    D) сот
23. Мәнмәтінге сүйене отырып, дауды шешуге көмегі пайдаланылатын кәсіби делдалды анықтаңыз:
    A) медиатор
    B) полиция
    C) сарапшы
    D) тергеуші

24. Мәнмәтінге сүйене отырып, тергеу іс-әрекеттеріне ескерту, мәлімдеме жасайтын сот ісіне қатысушы үшінші топ өкілі
A) тергеуші
B) күдікті
C) қорғаушы
D) куәгер
25. Мәнмәтінді пайдалана отырып, қылмыстық процесті жүзеге асыратын органдарды анықтаңыз
I) прокурор;
II) сот;
III) нотариус;
IV) тергеуші;
V) медиатор.
A) I, IV, V
B) I, II, V
C) I, II, IV
D) III, IV

Нұсқау: *Сізге бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар беріледі.*

26. Сатуға арналған тауарды шығаратын жеке немесе заңды тұлға (-лар)
    A) таңдаушы
    B) тұтынушы
    C) тапсырыс беруші
    D) дайындаушы
    E) бақылаушы
    F) орындаушы
27. Кәмелет жасқа толмағандарға тыйым салынады
    A) вахталық әдіспен орындалатын жұмысқа
    B) спорт үйірмесіне қатысуға
    C) концерттік ұйымда өнер көрсетуге
    D) театрда рөл сомдауға
    E) жерасты жұмыстарына
    F) денсаулығына зиян келтіретін жұмысқа
28. Тергеушінің құзіреті (-тері):
    A) Қоғамдық тәртіпті сақтайды
    B) Сот талқылауы кезінде залдағы тәртіпті сақтап тұрады
    C) Сот отырысында соттың хаттамасын жүргізеді
    D) Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырады
    E) Іс жүргізу барысында сот ғимаратын күзетуді жүзеге асырады
    F) Сот төрелігін жүзеге асырады
29. Азаматтық сот ісінің салалық қағидаты (-тары):
    A) сот процестеріндегі ашықтық
    B) жекетұлғаның абыройы мен қадір-қасиетін сыйлау
    C) соттардың тәуелсіздігі және тек қана заңға бағынатындығы
    D) сот процесіне прокурордың төрағалық етуі
    E) сот ісін жүргізу тілі
    F) соттардың сайланатындығы және ауыспайтындығы
30. Гендерлік теңдік саясатын назарында ұстайтын халықаралық ұйым (-дар):
    A) ЮНИСЕФ
    B) ХЕҰ
    C) НАТО
    D) ЮНЕСКО
    E) ШЫҰ
    F) Варшава шарты ұйымы

31. Юрисдикциялық әдістермен құқықтық жанжалдарды шешетін мемлекеттік емес орган (-дар)
A) Жеке нотариустар
B) Төрелік
C) Сот
D) Мемлекеттік нотариустар
E) Медиация
F) Уәкілетті мемлекеттік орган
32. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің Ерекше бөліміне қатысты түсінік (-тер)
A) Қылмыскердің жазаны өтеу мерзімі
B) Қылмыстық құқық ұғымдары
C) Қылмыскерге тағайындалатын жазаның түрі
D) Қылмыстық заң міндеттері
E) Қылмыстық құқықбұзушылықтың нақты құрамы
F) «Қылмыс және жаза» ұғымы
33. Кез келген тұлға өз қалауы бойынша және сыртқы біреудің мәжбүрлеуінсіз келісім шарт жасай алатын қағида (-лар):
A) Кәсіпкерлер мен тұтынушылардың құқығын қорғау
B) Жеке өмірге басқа біреудің қисынсыз араласуына жол бермеу
C) Меншікке қолсұқпаушылық
D) Құқықтық келісімшарт бостандығы
E) Көлеңкелі экономиканы жүзеге асыру
F) Борышкер туралы мәліметтерді жария ету
34. Қылмыстық-процестік кодекске сәйкес қылмыстық процестің негізгі қатысушысы (-лары)
A) тергеуші
B) дәріхана қызметкері
C) нотариус
D) омбудсмен
E) медиатор
F) қорғаушы
35. Әкімшілік іс жүргізу қағидаты (-тары):
A) жеделдік пен үнемшілдік
B) азаматтық жауаптылық
C) әкімшілік шешімдеріне шағымдану құқығы
D) кінәсіздік презумпциясы
E) субъективтілік
F) заңнамалар шығару